

Қазақстан Республикасында А (H1N1) тұмауының пайда болуына және таралуына жол бермеу жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2009 жылғы 15 мамырдағы N 70-ө
Өкімі

Қазақстан Республикасының аумағында А (H1N1) тұмауының пайда болуына және таралуына жол бермеу жөнінде уақтылы шаралар қабылдау мақсатында:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында А (H1N1) тұмауының пайда болуына және таралуына жол бермеу жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілсін.

2. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары С.Н. Ахметовке жүктелсін.

Премьер-Министр

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 0 9

ж ы л ғ ы

1 5

м а м ы р д а ғ ы

N 7 0 - ө ө к і м і м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасында А (H1N1) тұмауының пайда болуына және таралуына жол бермеу жөніндегі іс-шаралар жоспары

P/c N	Іс-шаралар	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімдері	Болжамды шығыстар*
1	2	3	4	5	6
А (H1N1) тұмауымен науқастанған кездегі санитариялық-эпидемиологиялық мониторингілеу, ахуалды бағалау, халыққа медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру					
1	А (H1N1) тұмауының таралуы және Қазақстан Республикасының тұрғындары арасында науқастану жағдайлары бойынша ахуалды санитариялық-эпидемиологиялық мониторингілеуді қамтамасыз ету	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ДСМ	Ай сайын	Талап етілмейді
2	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасындағы санитариялық-карантиндік пункттердің А (H1N1) тұмауымен науқастанғанына күдік туған адамдарды уақтылы анықтау жөніндегі тиімді жұмысын қамтамасыз ету	Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің қаулысы	ДСМ	2009 жылғы мамыр	Талап етілмейді
3	А (H1N1) тұмауымен науқастанғанына күдік туған	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ДСМ		-

	адамдарды шұғыл диагностикалауды қамтамасыз ету			2009 жылғы мамыр	
4	Медициналық ұйымдардың А (H1N1) тұмауымен науқастанғандарға, оның ішінде халықтың жаппай науқастануы кезеңінде медициналық көмек көрсетуге дайындығын қамтамасыз ету	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ДСМ	2009 жылғы мамыр	Талап етілмейді
5	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінің медициналық қызметкерлерін, қызметкерлерін, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ұсынған жеке қорғану құралдарымен (респираторлармен) қамтамасыз ету	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ДСМ	2009 жыл	-
6	Мемлекеттік медицина ұйымдарын А (H1N1) тұмауының ошақтарын жою үшін дезинфекциялаушы құралдармен қамтамасыз ету	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ДСМ	2009 жыл	-
7	А (H1N1) тұмауымен жаппай науқастану жағдайына халықтың 70%-ы үшін жеке қорғану құралдарының (медициналық 4 қабатты бетперде) қорын қамтамасыз ету	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ДСМ	2009 жыл	-
8	Ахуалды талдау және А (H1N1) тұмауымен науқастану ошақтарын жою жөнінде шұғыл шаралар қабылдау бойынша ведомствоаралық, оның ішінде халықаралық ұйымдардың және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің қатысуымен өзара іс-қимылды ұйымдастыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ДСМ, АШМ, ГЖМ, ИМ, ККМ, Қаржымині, СІМ, ҰҚК (келісім бойынша)	2009 жыл	Талап етілмейді

2. Эпизоотиялық мониторинг, ахуалды бағалау, ветеринариялық іс-шараларды ұйымдастыру

9	Олар мекендейтін жерлердегі түрлі жабайы фаунаны (жабайы қабандар) қоса алғанда, жеке ауладағы және шаруашылық жүргізуші субъектілердегі шошқа малының эпизоотиялық мониторингін ұйымдастыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	АШМ	Ай сайын	Талап етілмейді
10	Шошқа малын ұстауды және оның қозғалысын шошқа шаруашылығының өнімдері мен	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	АШМ		Талап етілмейді

	шикізатын сатуды және сақтауды ветеринариялық бақылауды күшейту			2009 жылғы мамыр	
11	Жоғары патогенді құс тұмауының алдын алу және оған қарсы күрес шаралары бойынша іс-қимылды үйлестіретін облыстық және аудандық (қалалық) штабтарға Қазақстан Республикасының аумағына А (H1N1) тұмауының әкелінуіне және таралуына жол бермеу жөніндегі ұқсас міндеттерді беру жолымен олардың жұмысын жандандыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	АШМ	2009 жылғы мамыр	Талап етілмейді
12	А (H1N1) тұмауының диагнозын қою бойынша ветеринариялық зертханалардың мамандарын даярлау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	АШМ	2009 жылғы мамыр	Талап етілмейді
13	Мемлекеттік шекара арқылы өткізілетін шошқа малынан және шошқа шаруашылығы өнімдерінен биоматериалдар алуды және оны зерттеу үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Биологиялық қауіпсіздік проблемалары ғылыми-зерттеу институты" еншілес мемлекеттік кәсіпорнына жеткізуді ұйымдастыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	АШМ, БҒМ	2009 жыл	-
14	Зертханалық зерттеулер үшін арнайы диагностикалық жиынтықтар сатып алу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	БҒМ, АШМ, ДСМ	2009 жыл	-
15	Тұмаудың Қазақстан Республикасының аумағында айналып жүретін вирустарының геномды дәйектілігінің банкін құру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	БҒМ	2009 жыл	-
3. Шектеу іс-шаралары					
16	Қазақстан Республикасының аумағына А (H1N1) тұмауы бойынша қолайсыз елдерден етті және ет өнімдерін импорттауға байланысты шектеу енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	АШМ	2009 жыл	Талап етілмейді
17	"Ветеринария саласындағы нормативтік құқықтық кесімдерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 28 сәуірдегі N 407 қаулысына толықтыру енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасы	АШМ	2009 жылғы мамыр	Талап етілмейді
18					Талап етілмейді

	Ел аумағына А (H1N1) тұмауы вирусының әкелінуін болдырмау мақсатында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасында жолаушылар мен жүктерді санитариялық-карантиндік және ветеринариялық-санитариялық бақылауды күшейту	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ДСМ, АШМ, К К М , Қаржымині, ҰҚК	2009 жылғы мамыр	
19	Мемлекеттік шекараны кесіп өтетін жерлерде (халықаралық әуежайларда, темір жол және автомобиль өткелдерінде) шет елдерден келгендердің арасынан науқастанғандар анықталған жағдайда обсервациялық лагерьлерді орналастыруға арналған орындарды белгілеу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ДСМ, ТЖМ, АШМ, ККМ, Қаржымині, жергілікті атқарушы органдар	2009 жылғы мамыр	Талап етілмейді
20	Туристік фирмаларға халықтың А (H1N1) тұмауымен науқастануы тіркелген елдерге туристердің сапарларын шектеуге өтінішпен үндеу тарату	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ТСМ	2009 жылғы мамыр	Талап етілмейді
4. Халық арасындағы санитариялық-ағарту жұмысы					
21	Тұрғындар, мемлекеттік органдар үшін адамдардың науқастануы және жануарлардың ауруы анықталған жағдайда әрекет ету жөніндегі жадынама әзірлеу. Оларды көбейтуді және таратуды қамтамасыз ету	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ДСМ, АШМ	2009 жыл	-
22	Көліктік бақылау органдарының қызметкерлеріне А (H1N1) тұмауының алдын алу және оның таралуын болдырмау шаралары жөнінде нұсқау беру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ДСМ, АШМ, ККМ	Ай сайын	Талап етілмейді
23	Көліктік бақылау бекеттерінде Қазақстан Республикасының аумағында А (H1N1) тұмауы індетінің алдын алу және таралу қаупін болдырмау бойынша тасымалдаушылар мен жолаушылар арасында түсіндіру жұмысы	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ККМ	Ай сайын	Талап етілмейді
24	А (H1N1) тұмауының таралуын болдырмау жөніндегі көрнекі үгіттеулерді орналастыруды ұйымдастыру, сондай-ақ жолаушыларға дауыс зорайтқыш байланыспен А (H1N1) тұмауының алдын алу мәселелері жөнінде ақпарат беру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ККМ, жергілікті атқарушы органдар	Ай сайын	Талап етілмейді

25	Халық арасында А (H1N1) тұмауының пайда болуының алдын алу және оған жол бермеу мәселелерін бұқаралық ақпарат құралдарында ақпараттық жариялау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	МАМ	Ай сайын	Талап етілмейді
----	--	---	-----	----------	-----------------

Е с к е р т п е :

1) *қаржыландыру адамдардың денсаулығы мен өміріне қауіп төнген жағдайлар туындаған кезде заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Үкіметінің резерві есебінен жүзеге асырылатын болады.

2) **аббревиатуралардың толық жазылуы:**

Қаржымині - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
МАМ - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі
БҒМ - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
АШМ - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі
ККМ - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі
ТЖМ - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі
ІМ - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі
ДСМ - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
СІМ - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі
ТСМ - Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі
ҰҚК - Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті